

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Пана» әлеуметтік бейімдеу орталығы» КММ-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің басталуы туралы

Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Пана» әлеуметтік бейімдеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Орталық) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабына сәйкес **2026 жылғы 26 маусым мен 27 шілде** аралығында Орталық қызметінде келесі бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жоспарланып отырғанын хабарлайды:

1. Талдау объектісінің қызметіне әсер ететін нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айқындау;
2. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырайтын лауазымдарды айқындау;
3. Мүдделер қақтығысын реттеу;
4. мемлекеттік қызметтер көрсету;
5. Рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру;
6. бюджеттік және қаржылық қаражаттың игерілуі мен бөлінуі;
7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
9. Талдау объектінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен әкімшілік кедергілер туралы мәліметтер, сондай-ақ талданатын саланы жетілдіру бойынша ұсыныстар болған жағдайда, ақпаратты **2026 жылғы 03 шілдеге** дейін келесі электрондық поштаға жолдауларыңызды сұраймыз: priemnaya.5@mail.ru, WhatsApp: +7 701 366 66 70.

Келіп түскен ақпарат сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу үшін пайдаланылатын болады.

Құпиялылық пен жасырындыққа кепілдік беріледі.

Сұрақтар туындаған жағдайда келесі байланыс нөмірлеріне хабарласуға болады:

Ұялы телефон: +7 701 366 66 70

Қабылдау бөлмесі: 251-37-68